

1. Тәрбие сағаттарының маңызын атап өтуге және олардың студенттердің тәрбиесіне қалай ықпал ететінін атап өтуге бағытталған. Топ талқылауы Жиналқыбаев Нұрлыбек және Мұстафин Мұстафиннің қатысуымен өтті. Топ талқылауының нәтижесінде студенттердің тәрбиесіне қалай ықпал ететінін атап өтуге бағытталған.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Теология факультеті
Философия кафедрасы

БЕКІТЕМІН
Кафедра меңгерушісі
М.Исаев
« 12 » 06 2024ж

2. Тәрбие сағаттарының

2023-2024 оқу жылында ТФД-311 тобының Тәрбие жұмыстарының жылдық ЕСЕБІ

Нұрлыбек және Мұстафиннің қатысуымен өтті. Топ талқылауының нәтижесінде студенттердің тәрбиесіне қалай ықпал ететінін атап өтуге бағытталған. Топ талқылауының нәтижесінде студенттердің тәрбиесіне қалай ықпал ететінін атап өтуге бағытталған.

15.09.2023ж. Топ талқылауы Жиналқыбаев Нұрлыбек және Мұстафиннің қатысуымен өтті. Топ талқылауының нәтижесінде студенттердің тәрбиесіне қалай ықпал ететінін атап өтуге бағытталған. Топ талқылауының нәтижесінде студенттердің тәрбиесіне қалай ықпал ететінін атап өтуге бағытталған.

31.10.2023ж. ТФД-311 тобының студенттерімен топ талқылауы оқу процесінің студенттердің сабақ үлгеріміне байланысты мәселелерді талқылауға бағытталған. Топ талқылауының нәтижесінде студенттердің тәрбиесіне қалай ықпал ететінін атап өтуге бағытталған.

06.10.2023ж. ТФД-311 тобымен топ талқылауы «Философияның адам және қоғам өміріндегі ролі туралы» бағытына бағытталған. Топ талқылауының нәтижесінде студенттердің тәрбиесіне қалай ықпал ететінін атап өтуге бағытталған. Топ талқылауының нәтижесінде студенттердің тәрбиесіне қалай ықпал ететінін атап өтуге бағытталған.

Түркістан 2024

29.10.2023ж. Топ талқылауы Жиналқыбаев Нұрлыбек топ студенттерімен бірге «Жаңа әлемде өмір сүріну үлгісі» тақырыбына арналған сабақ жүргізіліп, оның нәтижесінде студенттердің тәрбиесіне қалай ықпал ететінін атап өтуге бағытталған.

1. Тәрбие жұмыстарының ұйымдастырылуы

2023-2024 оқу жылына ТФД-311 тобының тәрбие жөніндегі жұмыс жоспары мен тәрбие сағаттарының тақырыптары алдын-ала сарапқа салынып, талқыланып қарастырылды. Топ эдвайзері Жаныкулов Нурлыбек топ басшыларын тағайындап бекітті. Топпен кеңесе отырып, топ басшысы етіп - Егінберлі Назерке тағайындалды.

Топ эдвайзері 2023-2024 оқу жылында жоспарланған тәрбие жұмыстары бойынша өз тобымен тәрбие сағаттар, тәрбиелік іс-шаралар, сұхбаттар мен кездесулер өткізіп, олардың хаттамаларын жасап отырды. Топ студенттерінің тәрбиесі мен тәртібін көтеру т.б. сол сияқты қазіргі таңдағы өзекті болған мәселелер бойынша іс-шаралар ұйымдастырылды. Топ тәлімгерінің тәрбие жұмыстары тәрбие жоспарына сай, деканат келісімімен бекітілді.

Топ тәлімгері Нурлыбек Жаныкулов, ТФД-311 тобымен өткізілген тәрбие сағаттарында студенттерді жалпы университет ережелерімен – университет регламентімен, кредиттік оқыту жүйесінің ерекшеліктерімен, GPA-балл және де рейтингтік бағалау жүйесінің ерекшеліктерімен – таныстыру, топтың ішкі ұйымдастыру мәселелері, тәрбие жоспары, философия мамандығы және басқа да пәндермен таныстыру тақырыптары қамтылды.

2. Тәрбие сағаттары

- 04.09.2023ж. күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, топ тәлімгері Жаныкулов Нурлыбек I - курс студенттеріне биылғы 2023-2024 оқу жылындағы топқа арналған тәрбие жоспарымен таныстырып өтті. Сондай-ақ, топ тәлімгері сұхбат барысында топ студенттерін 2023-2024 оқу жылының тәрбие жұмыс жоспарын құру және оны бекіту, университет тәртібі, кітапхана мүмкіндіктері, кредиттік жүйе, тест, емтихан ережелерімен таныстырды. Сондай-ақ философия мамандығының маңыздылығы, қоғамға қажеттілігі, осы семестрде өткізілетін сабақтар, сабақ өткізу тәртібі, кредиттік технологиямен сабақ өту әдістері т.б мәселелер атап өтілді. Студенттерге университетіміздегі мүмкіндіктерімен таныстыра келе, студенттік шақты тиімді пайдалану керектігі айтылды. Жалпылама осы күзгі семестрде атқарылатын іс-шараларға шолу жасалды.

-15.09.2023ж. Топ тәлімгері Жаныкулов Нурлыбек және «философия» кафедрасының меңгерушісі Исаев Мұхтар, ТФД – 311 тобындағы жатаханада жататын студенттердің жағдайымен танысып қайтты. Кафедра меңгерушісі және топ тәлімгері олармен ашық сөйлесіп, қандайда бір жағдай болғанда немесе көмек қажет кезде әрқашан көмекке әзір екендігін жеткізді. Сондай-ақ студенттерге жатақхана ішіндегі тазалық, тәрбие және тәртіп мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, оларға жатақхана ережелерін қатаң түрде сақтау керектігін ескертті.

-03.10.2023ж. ТФД-311 тобының студенттерімен топ тәлімгері, оқу процесі және студенттердің сабақ үлгеріміне байланысты мәселелерді талқыланды. Тәлімгер әр студентпен жеке-жеке сөйлесіп, сабақтан себепсіз қалмау және әр сабаққа белсенділік таныту керектігі жайында қатаң ескертулер жасады. Сонымен қатар тәлімгер топ студенттерінен 1- блокқа дайындығын сұрап, блок ережелерімен таныстырып өтті.

-06.10.2023ж. ТФД-311 тобымен топ тәлімгері «Философияның адам және қоғам өміріндегі ролі тақырыбы» бойынша сұхбат өткізді. Сұхбат барысында топ тәлімгері Нурлыбек Жаныкулов философия мамандығының ерекшелігін, қоғамдағы орны мен пайдасын ерекше атап өтті. Философия – адамның және қоғамның рухани қабаттарын ашатын терең әрі маңызды құбылыстардың бірі. Философиясыз ғылымды, мәдениетті, тіпті дінді елестету мүмкін емес. Философия оқу-тәрбие процесінің ажырамас маңызды бөлігі. Философияның құлдыруы қоғамдық сананың құлдыруына тікелей әсер етеді.

- 20.10.2023ж. Топ тәлімгері Жаныкулов Нурлыбек топ студенттерімен бірге «Жастар арасында салауатты өмір салтын ұстану» тақырыбы аясында сұхбат жүргізді. Іс-

шараның тақырыбы негізінде топ тәлімгері Нұрлыбек Жаныкулов, топ студенттерімен “әр ұлт – салауатты өмір сүрудің мәнін өз рухани мұрасынан іздеуі тиіс”- деген қағидамен түркі дүниесінің рухани дінгегі болған қасиетті мекен Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың басына зиярат жасап қайтты. Студенттер тек Ясауи мұрасымен ғана емес, сонымен қатар кесененің маңайына жерленген қазақ жылнамасына алтын әріппен жазылған ұлылардың да тарихымен танысып қайтты. Топ тәлімгері Нұрлыбек Жаныкулов, сұхбат барысында жастардың жадында ұлттық код пен патриотизмнің үлгісін жаңғырту жолында академиялық біліммен қатар, осындай киелі мекенге барып, рухани сұхбаттардың жүргізілудің аса маңызды екендігін атап өтті. Ұлттың ұйысуы, елдіктің еңселуі рухани мұра мен терең тарихқа үңілу арқылы жүзеге аспақ. Қазіргі таңда жастар бос уақытының бәрін телефонға сүңгіп немесе бос сөз, арзан күлкімен алданып, пайдасыз дүниелермен өткізуде. Адам үшін ең қымбат капитал болған уақытты тиімді пайдалана алмайды. Сұхбат барысында осы мәселелер – әр уақытты тиімді пайдалану, күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру, дұрыс тамақтанып, ұйқы режимін реттеу, тіл үйрену, ғылым меңгеру, дене тәрбиесі және спортпен айналысу, мүмкіндік болған жағдайда табиғатқа (тауға) шығып, табиғатпен гармония орнату т.с. – көтерілді.

- 25.10.2023ж. Топ тәлімгері ТФД-311 тобының студенттерімен студенттік ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысуы мәселесін талқылады. Топ эдвайзері ғылыми конференцияға қатысатын студенттердің тізімін бекітіп, олардың дайындығын тексеріп, жіті қадағалап отырды.

-10.11.2023ж. «Философия мен діннің арақатынасы» тақырыбы бойынша ТФД-311 тобымен сұрақ-жауап форматында сұхбат өткізілді. Топ студенті Ардақ Әбілқасым «Философия және дін» тақырыбы бойынша баяндама жасады. Баяндама соңында баяндамашыға сұрақтар қойылды. Тақырыпқа қатысты студенттер өздерінің пікірлері мен көзқарастарын білдірді. Дін мен философияның тілі мен әдісі бөлек болғанымен, екеуінің көздеген мақсаты бір нүктеде түйіседі. Ислам философтарының тілімен айтқанда екеуі де қоғамды «саадәтул-қусуә»-ға(ең жоғарғы бақытқа) жетелейді. Өкінішке орай қазіргі таңда нақылшылдыққа ұрынған кейбір топтар, пәлсапа жасауды кәпірдің ісі деп таниды. Ал, керісінше қазіргі батыстық ойлау жүйесінде, әсіресе ағартушылық кезеңнен кейінгі континенттік философияда ақылдың үстемдікке келуімен, дін, Құдай секілді абстрактілі теологиялық ұғымдар ақырындап қоғамдық санадан алыстатыла бастады. Бүкіл қоғамдық проблемалардың шешімінің тек қана ақыл мен ғылыми тәжірибеде екендігін қуаттайтын көзқарастардың ортаға шығуымен дінге деген сұраныс пен қажеттіліктер төмендеді. Негізі бұл екі жақты шиеленістің шығуы табиғи заңдылық. Себебі, бірі сенімге, ал екіншісі дәлелге сүйенуде. Алайда Құдай, уахи, мұғжиза секілді метафизикалық ұғымдарды ғылыми әдіс-тәсілге сүйеніп, белгілі бір құрылғымен дәлелдеу мүмкін емес. Сондықтан қоғамға философия мен дін турасында дұрыс пайым мен таным қалыптастыру үшін алдымен дін мен философия арасындағы нәзік нюанстарды меңгеру қажет.

15.11.2023 ж. ТТО-311 тобының студенттерімен топ тәлімгері, студенттердің сабаққа қатысуы мен сабақ үлгерімін және II-блокқа дайындығын талқылады. Топ эдвайзері алдағы уақытта II-блоқтың жақындап келе жатқанын, студенттердің сабаққа түгел қатысуы керек екендігін ескертті.

-17.11.2023ж. Теология факультеті, Философия кафедрасының “Халықаралық Толеранттылық және Бүкіләлемдік Философия” күніне орай “Біздің тандауымыз - ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ” атты ғылыми-тәрбиелік іс-шара өтті. Іс-шараның бастамасы топ тәлімгері Жаныкулов Нұрлыбек Оразбайұлының “Діни төзімділік және діни плюрализм мәселесі” атты танымдық баяндамасымен ашылды. Одан әрі қарай ТФД-311 тобының студенттері Козтаева Айғаным, Чакбакбай Шапағат, Мамай Ерланның төзімділік тақырыбы аясында қорғаған презентациясымен жалғасын тапты. Тақырыптың ұғынықты болуы үшін студенттердің өздері өңдеп, өздері дыбыстаған толеранттылық туралы тарихи бейнеролик көрсетілді. Сондай-ақ іс-шарада толеранттылыққа қатысты қазақ зиялыларының өлеңдері оқылып, әр-түрлі танымдық сұрақ-жауап ойындары ойнатылды.

Іс-шара сонында Теология факультетінің деканы, философия ғылымдарының докторы, профессор Кенжетай Досай Тұрсынбайұлы қорытынды сөз сөйледі.

-12.12.2023ж. «16 желтоқсан –Тәуелсіздік күні» тақырыбы бойынша ТФД-311 тобына іс-шара өтті. Сонымен қатар тәрбие сағатында тәуелсіздіктің қазақ халқы үшін маңыздылығы, қол жеткізген жетістіктер мен егемендікке бастар жолда кездескен кедергі-қиындықтар туралы сөз етілді. Тақырыпқа қатысты ТДТ-311 топ студенті Самия Жалымбетқызы «Тәуелсіздік тұғырым» атты тақырыпта баяндама жасады.

Сонымен қатар студенттердің аралық бақылау нәтижелерін талқыланып, емтихандарға дайындықтары қадағаланды.

-29.01.2024 ж. Топ тәлімгері Жаныкулов Н. тәлімгерлік мәжілістің күн тәртібіндегі мәселелерді ТФД - 311 тобының студенттерімен таныстырды. Тәлімгерлік мәжілістің қатысушылары күн тәртібіндегі мәселелерге ешқандай қосып алары жоқ екендігін танытты. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, топ тәлімгері Жаныкулов Н. ТФД – 311 топ студенттеріне биылғы 2023-2024 оқу жылының ІІ семестрінде өтілетін тәрбие жоспарымен таныстырып өтті. Сондай-ақ топ студенттерінің әлеуметтік жағдайларымен танысып, университет тарапынан қандай да бір көмек болып жатса елеусіз қалдырмайтынын айтып өтті. Топ тәлімгері Жаныкулов Н. сұхбат барысында топ студенттері арасында жатақханада жататын студенттердің жағдайымен таныса келе оларға жатақхана ережесін қатаң сақтап жүру керектігін ескертіп өтті. Сондай-ақ, студенттердің арасынан жаңадан топ белсендісі тағайындалды. Топ басшы етіп - Мұхтар Меруерт тағайындалды.

-31.01.2024 ж. Топ тәлімгері Жаныкулов Н. ТФД - 311 тобының студенттерімен бірге Фараб атындағы Түркістан қалалық кітапханасында өткен «Ислам және дәстүр құндылықтары» атты ғылыми іс-шараға қатысты. Іс шара еліміздің бас мүфтиі Наурызбай қажы Тағанұлының сөзімен басталып, көптеген діни және басқа да өзекті мәселелер талқыланды. Біздің халқымыздың салт-дәстүрімен етене байланысқан ислам дінінің дәстүрмен ортақ құндылықтары жайында сөз қозғалды. Одан әрі ҚР мемлекет және қоғам қайраткері Оразгүл Асанғазықызының қыз балаларына арналған «Бүгінгі қыз - ертеңгі ана» атты тәрбиелік мәні бар баяндамасымен жалғасты. Одан әрі ҚР парламент мәжілісінің депутаты Ардақ Құттықожаұлы Назаров сөз алды. Баяндамасының тақырыбы – «ҚР алғашқы мүфтиі Ратбек қажы Нысанбайұлының еңбектеріне шолу». Іс-шара барысында көпшілікке бейнеролик ұсынылып, отбасы құндылығы, ихсан, рухани тәрбие жайында ақпараттар берілді. Әрмен қарай ҚР еңбек сіңірген қайраткері, ақын, этнограф Қасымхан Бегманов мырза өзінің баяндамасында жуырда ғана жарық көрген отандық режиссерлер таспалаған «Дәстүр» кино-фильмін сынға алды. Фильм барысында жастардың психикасына кері әсер ететін факторлар барын айта кетті. Жиын соңында қонақтарға естелік ретінде бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының «Дін -ізгілік бастауы» атты кітабы сыйға тартылды.

-01.02.2024 ж. күні Философия кафедрасының меңгерушісі Исаев М., топ тәлімгері Жаныкулов Н. және ТФД – 311 топ білімгерлері университет жанындағы Мәдениет сарайында қазақтан шыққан тұңғыш инженер, тарихшы, Түрксіб темір жолының негізін салушы Мұхметжан Тынышбаевтың өмір жолына негізделген деректі фильмді тамашалады. Фильмде сонау ашаршылық заманында өз тапқан нәпақасының барлығын халықты игілігі мен аمانдығы үшін жұмсаған М.Тынышбаевтың ерлігі баяндалады. Аталмын фильмде теміржол саласының ардагерлері біртуар тұлғаның өнегелі өмірі мен ел үшін еткен ерен еңбегі жайлы дәйекті деректермен бөлісті. Фильм алаш қайраткерлерінің тарихтағы орнын насихаттау және жас ұрпақты ұлтжандылыққа тәрбиелеу мақсатында студенттер назарына ұсынылды. Одан әрі сөз кезегі ҚазҰУ тарих ғылымдарының докторы Гүлбану Жиенбаеваға берілді және өзінің еңбек жолын М.Тынышбаевты зерттеуге арнағанын айтып, ғалымға қатысты тың ақпараттарымен бөлісті. Студенттер аталмыш фильмнен мол рухани азық алып, ерекше әсермен оралды.

-07.02.2024 ж. күні Университет ғылыми кітапханасында кітапханаға жаңадан келіп түскен оқулықтармен студенттерді таныстыру мақсатында философия кафедрасының меңгерушісі Исаев М. және топ тәлімгері Жаныкулов Н. ТФД - 311 тобының студенттерімен бірге «Ақпарат күнін» атап өтті. Студенттер философия пәніне байланысты бірқатар кітаптармен танысып шықты және өзара талқылау жұмыстары жасалынды. Сонымен қатар студенттерге ақпараттық дамудың маңыздылығы, пайдасы мен зиянды тұстары жайында сөз қозғалды.

-15.02.2024 ж. Топ тәлімгері Жаныкулов Н. күн тәртібіндегі мәселелерді ТФД – 311 тобының студенттерімен «Діни экстремизммен күрес және оның қоғам тигізетін зардаптары» атты тәрбиелік сағат өткізді. Іс-шара барысында ТФД – 311 тобының студентті Әбілқасым А. тақырыпқа қатысты қысқаша баяндама жасады. Баяндамада терроризм ұғымының мәні мен оның қоғамға тигізер кері әсері жайында сөз қозғалды. Тәрбие сағатқа студенттер белсене қатысып, өз ойларын еркін, анық жеткізе білді. Қазіргі таңда исламға «изм», «террор» жағымсыз айдарлар тағылуда. Исламға бұлардың түкте қатысы жоқ. Мұның бәрі жала боп есептеледі. Экстремизм деген латын сөзі «шеттеу», яғни орталықтан ауытқу, тәртіпке бағынбау, өз пікірімен ғана іс - әрекет жасаушы деген ұғымды білдіреді. Экстремизмнің пайда болуы надандыққа, көрсоқырлыққа бейімделген көзқарастардан туындайды, яғни олардың ойы «тек қана менің пікірім дұрыс, өзгенікі бұрыс дегенге саяды». Бұл оның ең алғашқы кезеңдері болып саналады. Сондай ақ тағы бір көрінісі - өзгелерді көре алмау, түсінбеу немесе түсінгісі келмеу. Олар өздерін өте таза, кіршіксіз санап, басқаны адасушыларға жатқызады. Тура жол көрсеткендерді мойындамайды. Міне осы себептерден, түрлі төңкерістер мен қантөгістерден орын алуы ықтимал.

-20.03.2024 ж. күні топ тәлімгері Жаныкулов Н. және ТФД - 311 тобының студенттері ұлыстың ұлы күні эз-Наурыз мерекесіне орай «Нұр себеле эз-Наурыз» атты тәрбиелік іс-шара ұйымдастырды. Іс-шара барысында топ тәлімгері Жаныкулов Н. наурыз мейрамының шығу тарихы, қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, қазақтың киіз үйі туралы, ұлттық тағамдар және де басқа ұлттардың салт-дәстүрін қалай тойланатындығы туралы баяндады, наурыз мерекесіне қатысты танымдық мәліметтер берілді. Топ тәлімгері Жаныкулов Н, «төл мерекеміздің мазмұнын байытып, оны барынша ерекшелеп, жаңаша атап өтуіміз керек. Бұл қадам қоғамды ұйыстырып, ұлттық бірегейлігімізді айшықтап, ел бірлігін нығайта түсуге ықпал етеді деп сенемін», деп сөзін аяқтады. Мемлекет басшысы таяудағы бағдарламалы сұхбатында айтқандай, «Наурыз – елдіктің дәстүрі, жаңару мен жаңғырудың рәмізі». Іс-шара соңында Наурызға байланысты қазақтың салт-дәстүрі туралы сұрақтар қойылып, студенттер арнайы дайындалған карточкаларды алып, сұрақтарға жауап берді. Сонымен қатар топ студенттері наурыз мерекесіне орай ұлттық киімде челленж ұйымдастырды.

-11.04.2024 ж. Теология факультеті, Философия кафедрасының ұйымдастыруымен Алаш қайраткері, қазақтың көрнекті жазушысы Жүсіпбек Аймауытовтың 135 жылдығына орай «КІТАП ОҚЫП ЖАРЫСАЙЫҚ!» атты интеллектуалды сайыс болып өтті. Интеллектуалды сайысқа Теология, Филология, Жаратылыстану, Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар факультетінен студенттер қатысты. Интеллектуалды сайыстың негізгі талабы қатысушылар Жүсіпбек Аймауытұлының «Ақбілек» романын толық оқуы шарт.

Интеллектуалды сайыстың салтанатты ашуылуынан соң, қатысушыларға сайыс ережесі түсіндіріліп, Жүсіпбек Аймауытұлы тұлғасы, оның өмір жолы және шығармашылығы туралы мәнді бейнебаян көрсетілді. Бейнебаян көрсетілімінен кейін «Ақбілек» романы бойынша алдын ала дайындалған сұрақтар Kahoot қосымшасында берілді. Сұрақтарға дұрыс жауап беріп, ең көп ұпай жинаған қатысушылар рет-ретімен «жеңімпаз және жүлдегерлер» деп табылды. Жеңімпаз бен жүлдегерлер арнайы естелік сыйлықтармен және де ақшалай сыйлықтармен марапатталды. Аталмыш интеллектуалды

сайыста ТФД-311 тобының студенттері Әбілқасым А, Егінберлі Н, Бегділлә А, белсенділік танытқаны үшін арнайы сертификатпен марапатталды.

Жүсіпбек Аймауытовтың 135 жылдығына орай «КІТАП ОҚЫП ЖАРЫСАЙЫҚ!» атты интеллектуалды сайыс сонында Теология факультетінің «Философия» кафедра меңгерушісі М.С. Исаев қорытындылады. Барлық қатысушы студенттерге алғысын білдірді.

-12.04.2024ж. күні топ тәлімгері Жаныкулов Н. ТФД - 311 тобының студенттерімен «Құндылықтар философиясы» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақтың тақырыбы оқу бағдарламасына сәйкес жүргізілді. Сабақ өту барысында студенттерге рухани құндылықтардың мәні мен маңызы, қоғам өміріндегі қажеттілігі атап өтілді. Семинар сабағы жоғары оқу орындарының талаптарына сай өтілді. Ашық сабаққа қатысқан кафедра оқытушылары өздерінің пікірлерін білдірді, студенттерге сәттілік тіледі. Ашық сабақ бағалау кестесіндегі нәтиже ескеріліп, дәріс жалпы ЖОО білім беру талаптарына тиісті жауап береді деп бағаланды.

-20.05.2024ж. ТФД-311 тобының студенттерімен топ тәлімгері, оқу процесі және студенттердің сабақ үлгеріміне байланысты мәселелерді талқыланды. Күн тәртібі бойынша студенттердің екінші аралық бақылау нәтижелерін талқыланып, емтихандарға дайындықтары қадағаланды. Сонымен қатар жазғы семестрге қалған студенттердің сабақ үлгеріміне байланысты ескертулер жасалынды.

3 Атқарылған тәрбиелік іс-шаралар

ТФТ-311 тобы бойынша 2023-2024 оқу жылы басында бекітілген тәрбие жоспары негізінде және де жоспардан тыс та біршама тәрбиелік мәні зор жұмыстар атқарылды. Топ студенттері университет белсенділері қатарынан орын алып, студенттер арасында талқылау, талдау т.б. әртүрлі мәдени шаралар істеумен шұғылдануда. Топ эдвайзерінің бастамасымен Тәрбие жоспарына сай жалпы адамзаттық құндылықтардың маңыздылығын, ұлттық салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты түсіндіретін іс-шаралар болып өтті. Ұлттық салт-дәстүрлерді сақтау, тәрбиелі болу өмір талабына сай терең білімділікті талап ететіндігі студенттерге түсіндірілді.

4 Жатақханада жататын студенттермен жүргізілген жұмыстар.

Топ тәлімгері Жаныкулов Нурлыбек және «философия» кафедрасының меңгерушісі Исаев Мұхтар, 15.09.2023ж., 12.04.2024ж. күні ТФД – 311 тобындағы жатақханада жататын студенттердің жағдайымен танысып қайтты. Жатақханада тұратын студенттердің тарапынан ешқандай тәртіпсіздік пен бұзақылықтар болмады. Студенттердің тәртібі қадағаланды. Сондай-ақ студенттермен жатақхана тәртібін қадағалау, жатақхана ішінде тыныштық пен тазалық ережелерін сақтау, жатақхана қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоғамдық мәдени іс-шараларға өз үлестерін қосу мәселелері қарастырылды.

Топ эдвайзері Н. Жаныкулов Н. Жаныкулов